

**Алматы облысы бойынша экология департаментінде «Есік»
көлінің экологиялық жағдайына қатысты өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Талдықорған қ.

11 қараша 2019 жыл

Төрағалық еткен: **Қ.Е.Байеділов** – Алматы облысы бойынша экология департаментінің басшысы, жиналыс төрағасы.

Хатшысы: **Е.Бекжанов** – бас маман.

Қатысқандар: Алматы облысы бойынша экология департаментінің басшысы орынбасары **Д. Құрманбеков**, Алматы облысының мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасының прокуроры **Б. Өтегенов**, Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары **А. Досымбаев**, ҚР ІІМ төтенше жағдайлар комитетінің «Қазселденқорғау» ММ филиалының «Іле-Алатау аумақтық техникалық пайдалану басқармасының» басшысы **С.Доненов**, Алматы облысының төтенше жағдайлар департаментінің бас маманы **Р. Ақметжанов**, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары **Қ. Есболатов**, Іле – Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің заңгері **Т.Жүніспеков**, инженер-орманшысы **Б. Жүнісов** және эколог мамандар қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ

Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданындағы «Есік» көлінің экологиялық жағдайы туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты кіріспе сөбен ашқан экология департаментінің басшысы **Қ.Байеділов** келесілерге тоқтады.

Жиынның өтуіне әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, Фейсбук парақшаларында (01.11.2019ж.) жарияланған «Есік» көліндегі келеңсіз жағдайлар мен көріністер, ақпараттар арқау болды, оның ішінде: көл жағалауына бей-берекет салынған қоғамдық тамақтандыру, автокөлік тұрақтары нысандары, моторлы қайықтар мен катерлер және олардан шығатын жағымсыз иістер: бензин, солярка, керосиндерден бөлінетін химиялық элементтер, шулы музыка, тұрмыстық қатты қалдықтардың ұлғаюы сияқты антропогендік жағдайлардың қоршаған ортаға, табиғатқа, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне әсері жан-жақты талқыланды.

Кезекті сөз алған Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары **А. Досымбаев** көлдің «Казэлектроэнергия» ЖШС жалға берілгендігін жеткізді. Аталған меншік иесімен экологиялық талаптарды сақтау жөнінде іс-шара жоспарын құру және тиісті мекемелермен бекіту туралы келісімге келгенін айтты.

ҚР ІІМ төтенше жағдайлар комитетінің «Қазселденқорғау» ММ филиалының «Іле-Алатау аумақтық техникалық пайдалану басқармасының» басшысы **С.Доненов** Іле – Алатау ұлттық табиғи саябағының аумағында

орналасқан, ҚР ІІМ төтенше жағдайлар комитетінің «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде тұрған «Есік» көлі барлық бөгеттерімен, қондырғыларымен барлығы 142 га алаңымен 2019 жылдың 04 қаңтарындағы Алматы облысы әкімдігінің қаулысымен облыстың коммуналдық меншігіне «Алматы облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне қабылдап алу беру актісі арқылы арнайы комиссиямен берілген және облыс әкімдігі тарапынан конкурс өткізіліп «Есік» көлі жағалауларымен, бөгеттерімен 49 жылға жалға «Қазэлектрэнергия» ЖШС берілгені айтты.

Іле – Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің заңгері **Т.Жүніспеков** көл аумағын меншік иесінің салғырт – салақ қарауынан, облыстық табиғат қорғау прокуратурасының айыппұлдар салуына қарамастан жағалауда қоқыстар көбейгенін және моторлы қайықтардың есебінен көл айдынының ластанып жатқанын жеткізді.

Алматы облысының мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасының прокуроры **Б. Өтегенов** сенімді басқаруға берген келісім шарттың экологиялық талаптарды орындау жөніндегі бөліммен толықтырып, нақтылауды және өзгерістер енгізуді ұсынды.

Департамент басшысы **Қ. Байеділов** жиналысты қортындылай келе, біршама жағдайларды айқындалғанын, экологиялық талаптарды орындау жергілікті атқарушы органның міндеті екененін баса айтты.

**«Есік» көлінің экологиялық жағдайына қатысты өткізілген
жиналысының қорытындысы бойынша
ШЕШІМ**

1. Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары **А. Досымбаевқа** келесі жиналысты Есік қаласында өтізуді ұйымдастырсын.
2. Жиналысқа барлық құзырлы, арнайы мемлекеттік мекемелер басшылары мен өкілдерінің, сонымен қатар Балқаш-Алакөл бассейндік су инспекциясын, Алматы облысының қаржы, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларын, Алматы облысы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментін, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының өкілдері қатысатынын қатысуын қамтамасыз етсін.
3. Жиналысқа «Қазэлектрэнергия» ЖШС өкілдерінің қатысуын және олардың қоршаған ортаны, табиғатты қорғаудағы іс-шара жоспарын, ұсыныстарын, баяндауларын қамтамасыз етсін.

Жиналыс төрағасы

Хатшысы

Қ. Байеділов

Е. Бекжанов